

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
«ASTANA BILIM ACADEMY»**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі
Сапаршы кеңестің хаттамасы
№ ____ « ____ » _____ 2025 ж.

«БЕКІТІЛДІ»

«Astana Bilim Academy»
ЖШС директорының бұйрығымен
« ____ » _____ 2025 жылғы № ____

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙН: АВТОРЛЫҚ ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ»**

педагогтердің біліктілігін арттыру курсының

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сағат саны: 80

Оқу форматы: қашықтықтан оқыту

Мақсатты аудитория: білім беру ұйымдарының педагогтері және әдіскерлер.

Астана, 2025

МАЗМҰНЫ

1-бөлім	Жалпы ережелер	3
2-бөлім	Глоссарий	5
3-бөлім	Бағдарлама тақырыбы	7
4-бөлім	Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	9
5-бөлім	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	10
6-бөлім	Оқу процесін ұйымдастыру	13
7-бөлім	Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	14
8-бөлім	Оқу нәтижелерін бағалау	15
9-бөлім	Курстан кейінгі қолдау	18
10-бөлім	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	19

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Біліктілікті арттыру курсының педагог кадрларына арналған «Педагогикалық дизайн: авторлық оқу бағдарламасын әзірлеу» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік басымдықтарына және педагогикалық дизайн саласындағы заманауи әлемдік үрдістерге сәйкес әзірленген.

Бағдарламаның өзектілігі педагогтердің кәсіби даярлығына қойылатын талаптардың күшеюімен және Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің құзыреттілікке негізделген модельге көшуімен айқындалады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес авторлық бағдарламалар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу «педагог-шебер» санатына үміткер педагогтер үшін де, сондай-ақ «педагог-зерттеуші» санаты бойынша мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін педагогтер үшін де міндетті талап болып табылады.

Еңбек функциясы 3: Әдістемелік қызметті жүзеге асыру. Дағды 1: Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу.

Біліктер:

1. Ұйымдастырылған қызметті өткізуге арналған дидактикалық және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу.
2. Әдістемелік тақырыпқа сәйкес әдістемелік құралдар мен жинақтарды, ата-аналарға арналған ұсынымдарды әзірлеу.
3. Мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік қызметіне қатысу.
4. Әдістемелік материалдарды (ұсынымдар, жинақтар, құралдар және т.б.) әзірлеуге қатысу.
5. Дамытушы бағдарламаларды әзірлеу.

5.1 қосалқы деңгейі үшін алдыңғыларға қосымша:

– зерттеушілік және эксперименттік жұмыс дағдыларын қолдану.

5.2 қосалқы деңгейі үшін алдыңғыларға қосымша:

– педагогикалық басылымдарда әдістемелік жарияланымдарды орналастыру.

5.3 қосалқы деңгейі үшін алдыңғыларға қосымша:

– авторлық әдістемелік әзірлемелерді әзірлеу.

5.4 қосалқы деңгейі үшін алдыңғыларға қосымша:

– авторлық әдістемелік әзірлемелерді жариялау.

Авторлық бағдарламаларды әзірлеу білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған Кәсіби стандартта (2025 жылғы 24 ақпандағы № 31

бұйрық) бекітілген. Аталған стандартта заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру, білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін талдау біліктері және зерттеушілік қызмет дағдыларына ие болудың маңыздылығы атап көрсетіледі. Осылайша, Бағдарлама Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында айқындалған негізгі кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталған.

Жалпы мемлекеттік басымдықтар. Бағдарлама Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған міндеттерге сәйкес келеді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 13 маусымдағы № 465 қаулысы). Тұжырымдамада педагогтердің біліктілігін арттыру мазмұнын жаңарту, тәжірибеге бағдарланған курстарға көшу және педагогтердің білім беру бағдарламаларын жобалау дағдыларын дамыту басым бағыттар ретінде айқындалған.

Авторлық бағдарламаларды әзірлеу білім беру сапасын арттырудың, педагогтердің академиялық дербестігін кеңейтудің және білім беру ұйымдарының инновациялық әлеуетін күшейтудің тиімді тетігі ретінде қарастырылады. Осы Бағдарламаны іске асыру педагог кадрларды жаңғырту және олардың кәсіби құзыреттілігін нығайту бөлігіндегі мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

Әлемдік трендтер. Бағдарлама білім беру бағдарламаларын жобалау саласындағы заманауи халықаралық үрдістерді ескереді. ADDIE моделі, кері жобалау әдісі (Backward Design), Learning Experience Design (LXD), сондай-ақ SAM және Кемптің икемді модельдері сияқты жетекші әлемдік тәсілдер жүйелілікке, оқу нәтижелеріне бағдарлануға және білім алушылардың қажеттіліктерін талдауға ерекше мән береді. Аталған модельдерді қолдану төмендегілерді қамтамасыз етеді:

- дәстүрлі мазмұннан оқу нәтижелеріне негізделген жобалауға көшу;
- дәлелді (evidence-based) педагогикалық тәжірибелерді интеграциялау;
- білім беру бағдарламаларының сапасы мен тиімділігін арттыру;
- педагогтердің талдау, жобалау және білім беру өнімдерін іске асыру дағдыларын дамыту.

Осылайша, Бағдарлама ұлттық және халықаралық білім беру талаптарының, сондай-ақ өзекті ғылыми-әдістемелік тәсілдердің тоғысында орналасып, педагогтерге авторлық бағдарламаларды әзірлеудің заманауи құралдарын меңгеруге және өз кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

2. ГЛОССАРИЙ

Бағдарламада келесі негізгі ұғымдар мен терминдер қолданылады(1-кесте).

1 кесте

Ұғымдар мен терминдер	Анықтамасы	Дереккөз
ADDIE (ТЖӘЕБ)	білім беру бағдарламаларын жобалаудың бес кезеңінен тұратын моделі: талдау (А), жобалау (П), әзірлеу (Р), енгізу (В) және бағалау (О). Талдау (Analysis) — білім алушылардың қажеттіліктері, бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ білім беру процесінің шарттары мен шектеулері айқындалатын кезең. Жобалау (Design) — бағдарламаның құрылымын әзірлеу, оқыту әдістерін, бағалау формаларын таңдау және оқу жоспарын құрастыру кезеңі. Әзірлеу (Development) — әзірленген дизайн негізінде оқу материалдарын, ресурстарды және бағалау құралдарын жасау кезеңі. Енгізу (Implementation) — бағдарламаны білім беру процесіне енгізу, әзірленген материалдарды практикада бейімдеу және қолдану кезеңі. Бағалау (Evaluation) — бағдарламаның тиімділігін бағалау, алынған нәтижелерді талдау және кері байланыс негізінде түзетулер енгізу кезеңі.	Спатиоти және т.б. (2022)
Педагогтің авторлық бағдарламасы	білім беру саласындағы өзекті мәселе бойынша жинақталған педагогикалық тәжірибені жүйелеу мен қорытуға бағытталған зерттеушілік жоба.	ҰБА, 2025; Ахметова және т.б., 2022
Авторлық бағдарлама	педагогтің жеке стилі мен тәжірибесін бейнелейтін педагогикалық қызметтің бірегей өнімі.	ҰБА, 2025
Қажеттіліктерді талдау (Needs Analysis)	білім алушының оқу қажеттіліктерін анықтау мақсатында онымен белгілі бір іс-әрекет түрлерін жүргізуді көздейді.	Британдық кеңес, ж.б.
Апробация	әзірленген жобалардың, МЖБС, ҮОЖ, ҮОЖр, әдістемелік әзірлемелердің, нормативтік-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік материалдардың тиімділігін оқу процесі жағдайында тексеру үдерісі; оның нәтижелері негізінде оларды білім беру	НАО, 2025

	процесіне енгізу туралы шешім қабылданады.	
Оқу жүктемесінің вариативтік компоненті	білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;	ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
Оқу жүктемесінің инвариантты компоненті	білім беру ұйымдарында типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан, барлық білім алушылардың оқып білуі үшін міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;	ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау	педагог қызметінің дәлелдері мен жетістіктерінің біліктілік санатының талаптарына сәйкестігін бағалау рәсімі;	ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы
Әдістемелік бірлестіктер (комиссиялар, кафедралар)	оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты іске асыру үшін педагогтерге кәсіби қолдауды жүзеге асыратын салалық (мамандық, пәндік топтық) белгілері бойынша білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби бірлестіктері;	ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығы
Әдістемелік орталық (кабинет)	оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру бойынша аудандық/қалалық білім бөлімінің құрылымдық бөлімшесі немесе облыстық (қалалық) білім басқармасының ведомстволық бағынысты ұйымы	ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығы
Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес	білім беру ұйымының оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмысын алқалық басқару органы.	ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығы
Білім беру бағдарламасы	оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені.	ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы, 1-бап, 9-2-тармақ
Кері жобалау (Backward Design)	педагог алдымен күтілетін оқу нәтижелерін айқындап, кейін бағалау критерийлерін әзірлейтін және тек содан соң қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін мазмұн мен іс-әрекет түрлерін таңдайтын оқытуды жоспарлау тәсілі.	Уиггинс және МакТайг, 2005

Әдебиеттерге шолу	зерттелетін тақырып бойынша қолда бар білімді қорыту мақсатында дереккөздерді анықтау, іздеу және талдаудың жүйеленген үдерісі, сондай-ақ алдыңғы зерттеулердің нәтижелерін жинақтау мен ұйымдастыру тәсілі. Дереккөздер ретінде мақалалар, әдеби шолулар, кітаптар, монографиялар, диссертациялар және зерттеу есептері пайдаланылуы мүмкін.	Сагинтаева және т.б., 2022
Педагогикалық дизайн	оқу мақсаттарын, білім алушылардың қажеттіліктері мен ерекшеліктерін талдауға негізделген оқу материалдары мен оқытуды әзірлеудің жүйелі әрі құрылымдалған үдерісі.	Дик және Кэри, 2014
оқытудан күтілетін нәтижелер	оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі;	Приказ МП РК от 03.08. 2022, № 348, ГОСО
оқу бағдарламасы	меңгерілуі тиіс білім, біліктердің, дағдылар мен құзыреттіліктердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.	Приказ МП РК от 03.08. 2022, № 348, ГОСО
элективті курс	білім алушылардың таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативті компонентінің құрамдас бөлігі.	Приказ МП РК от 3 августа 2022 года № 348
Эксперименттік алаң	жаңа педагогикалық технологиялар мен білім берудің жаңа мазмұнын сынақтан өткізуге арналған эксперимент режимінде білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы	ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы, 1-бап, 59-тармақ; ҚР БҒМ-нің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 бұйрығы
Инновациялық педагогикалық тәжірибеге сараптама	педагогтердің кәсіби қызметінің тиімділігін кешенді бағалау үдерісі.	ҚР БҒМ КСО РУМС туралы 2020 жылғы 29 желтоқсандағы ереже

3. ТАҚЫРЫБЫ

Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі. Бағдарлама өзінің жаңашылдығымен, әдіснамалық тұтастығымен және практикалық бағыттылығымен ерекшеленеді. Оның негізінде педагогтің кәсіби дамуының

жеке траекториясын қалыптастыру логикасы жатыр: заманауи әлемдік және ұлттық білім беру үрдістерін түсінуден бастап, нақты педагогикалық практикада енгізуге дайын жеке авторлық бағдарламаны әзірлеудің толық цикліне дейін. Бағдарламаның мазмұны педагогте педагогикалық дизайн, оқу бағдарламаларын құрастыру және дәлелді тәсілдерге негізделген білім беру үдерісін жобалау саласындағы құзыреттерді дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның әдіснамалық негізін ADDIE (Analysis, Design, Development, Implementation, Evaluation) және Understanding by Design (UbD) модельдері құрайды. Аталған модельдер бағдарламаларды жобалауға жүйелі тәсілді қамтамасыз етіп, оқу мақсаттары, оқыту әдістері мен бағалау құралдары арасындағы конструктивті үйлесімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде педагог білім алушылардың қажеттіліктерін талдаудан бастап, әзірленген білім беру өнімінің тиімділігін қорытынды бағалауға дейінгі бағдарлама бойынша жұмыстың толық циклін меңгереді.

Бағдарламаның тақырыптық құрылымы «талдау – жобалау – әзірлеу – енгізу – бағалау» логикалық тізбегіне негізделген. Бұл педагогикалық проблеманы айқындау, бағдарламаның мақсаттарын белгілеу, оқыту әдістерін таңдау, мазмұнын әзірлеу және бағалау құралдарын қолдану арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді. Мұндай тәсіл педагогтің жүйелі ойлауын қалыптастырып, білім алушылардың нақты білім беру сұраныстары мен қажеттіліктеріне бағдарланған авторлық бағдарламаларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Бағдарламада төмендегі негізгі құзыреттерді меңгеруге ерекше назар аударылады:

- білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін талдау (Needs Analysis);
- бағдарлама тақырыбы бойынша әдебиеттерге аналитикалық шолу жүргізу (Literature Review);
- оқу мақсаттары мен күтілетін оқу нәтижелерін тұжырымдау;
- бағдарламаның құрылымын және оқу-тақырыптық жоспарын әзірлеу;
- оқытуды ұйымдастырудың тиімді әдістерін, стратегияларын және формаларын таңдау;
- нәтижелерге қол жеткізу деңгейін айқындайтын бағалау жүйесі мен критерийлерін әзірлеу;
- бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін қалыптастыру.

Бағдарламаның практикалық бөлігі нақты нәтижеге — авторлық бағдарламаның толыққанды жоспарын әзірлеуге бағытталған. Оның құрылымына мыналар кіреді:

- қажеттіліктерді талдау мен әдебиеттерге шолуға негізделген түсіндірме жазба;
- мақсат, міндеттер және күтілетін оқу нәтижелері;
- бағдарламаның құрылымы және модульдердің логикалық сызбасы;
- сағаттарды бөлу мен оқыту әдістерінің сипаттамасын қамтитын оқу жоспары;
- бағалау материалдары;

- оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

Оқыту нәтижелері бойынша педагог аттестаттау талаптарына және педагогтің кәсіби стандартына сәйкес келетін кәсіби құжат — өзінің авторлық бағдарламасының дайын жоспарын әзірлеп аяқтайды. Бағдарламаның бірегейлігі оның интегративті сипатында және педагогикалық дизайнның халықаралық тәсілдерін, заманауи цифрлық құралдарды, ұлттық білім беру басымдықтарын және педагогтердің нақты сұраныстарын үйлестіре алуында. Бағдарлама педагогті білім беру үдерісінің белсенді әзірлеушісі әрі жобалаушысы ретінде қалыптастырып, оқу практикасына дәлелді өзгерістер енгізуге қабілетті болуын қамтамасыз етеді.

Білім беру жүйесінде аналогтардың бар/жоқтығын талдау. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен 2024 жылы келісілген педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізбесіне сәйкес, авторлық бағдарламаларды әзірлеу тақырыбына ішінара сәйкес келетін бір ғана бағдарлама бар. Ол — «LD OT-LOGOS» оқыту және дамыту орталығы ЖМ компаниясының «Авторлық бағдарлама жазу: педагогикалық шарттары және ұстанымы» атты бағдарламасы, 2024 жылғы 10 маусымда келісілген. Аталған бағдарлама барлық пәндер бойынша мұғалімдерге арналған.

Осы бағдарламаға қарағанда, ұсынылып отырған Бағдарлама неғұрлым тар бағыттылығымен ерекшеленеді және тек ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған. Мұндай ерекшелік пәнді оқытудың өзіндік қырларын, инновациялық әдістемелер мен тәсілдерді интеграциялау мүмкіндіктерін тереңірек қарастыруға, сондай-ақ дәл осы ағылшын тілі мұғалімдері тап болатын ерекше қажеттіліктер мен кәсіби сын-қатерлерді ескеруге мүмкіндік береді.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарламаның мақсаты — педагогтерде Республикалық сараптама кеңесінің талаптарына және Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру стандарттарына сәйкес авторлық бағдарламаны жобалау, әзірлеу, апробациялау және қорғау үшін қажетті білімдерді, кәсіби дағдыларды және әдістемелік құралдарды дамыту.

Бағдарлама педагогтерде сапалы, ғылыми тұрғыдан негізделген және тәжірибеге бағдарланған білім беру өнімін әзірлеуді қамтамасыз ететін құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламаның міндеттері:

- тыңдаушыларды мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттармен, педагогтің кәсіби стандарттарымен, Республикалық сараптама кеңесі белгілеген авторлық бағдарламаларды бағалау талаптары мен критерийлерімен таныстыру;
- педагогтерді білім беру бағдарламаларын жобалаудың заманауи модельдеріне (ADDIE, «Кері жобалау»), білім алушылардың

қажеттіліктерін талдау әдістеріне және конструктивті үйлестіру қағидаттарына үйрету;

- авторлық бағдарламаның құрылымын әзірлеуге, мақсаттарды, міндеттер мен күтілетін оқу нәтижелерін айқындауға, оқу-тақырыптық жоспарды және бағдарламаның логикалық сызбасын құрастыруға үйрету;
- авторлық бағдарламаға арналған дидактикалық материалдарды, бағалау құралдарын, цифрлық ресурстарды және әдістемелік сүйемелдеуді әзірлеу біліктерін қалыптастыру;
- жұмыстың нәтижелерін таныстыру, өзіндік талдау және негіздеу дағдыларын дамыту, сондай-ақ авторлық бағдарламаны сарапшылар алдында қорғауға (дәлелдемелік базаны және оқу процесіне енгізу нәтижелерін ұсынуды қоса алғанда) тыңдаушыларды даярлау.
- Күтілетін нәтижелер. Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:
 - мемлекеттік талаптарды, авторлық бағдарламаларды бағалау критерийлерін және оларды сараптау қағидаттарын түсінетінін көрсетеді;
 - білім алушылардың қажеттіліктерін талдау, бағдарламаның құрылымы мен мазмұнын жобалау, оқу жоспарын және бағалау жүйесін әзірлеу бойынша тұрақты дағдыларды қалыптастырады;
 - толық құжаттар пакетін дайындайды: түсіндірме жазба, мақсаттар, міндеттер, күтілетін нәтижелер, оқу-тақырыптық жоспар, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету және бағалау құралдары;
 - өз авторлық бағдарламасын таныстырып, оның өзектілігін, жаңашылдығын және тиімділігін негіздей алады.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Білім беру бағдарламасы үш модульден тұрады және 10 күн ішінде (80 академиялық сағат) жүзеге асырылады. Бағдарламаның құрылымы тыңдаушылардың педагогикалық дизайнның теориялық негіздерін жүйелі түрде меңгеруін, авторлық бағдарламаны жобалаудың практикалық дағдыларын қалыптастыруын және дайын авторлық бағдарлама жоспарын ұсыну түріндегі қорытынды тапсырманы орындауын қамтамасыз етеді.

1-модуль. Әлемдік үрдістер, Қазақстан Республикасының контексті және теориялық негіздер. Модуль білім беруді дамытудың заманауи халықаралық үрдістерін, Қазақстан Республикасында білім беру бағдарламаларын әзірлеуді реттейтін нормативтік-құқықтық базаны, сондай-ақ педагогикалық дизайнның теориялық модельдерін зерделеуге бағытталған. Модуль аясында тыңдаушылар:

- бағдарламаларды әзірлеудің әлемдік үрдістері мен ұлттық контекстін зерттейді;
- ADDIE және «кері жобалау» модельдерімен танысады;
- білім алушылардың қажеттіліктерін талдайды (needs analysis);
- білім беру проблемасы мен контекстіне талдау жүргізеді;
- әдебиеттерге бастапқы шолу жасайды (literature review).

Модульді орындаудың нәтижесі — авторлық бағдарламаның өзектілігін негіздеуге қажетті аналитикалық материалдарды дайындау.

2-модуль. Авторлық бағдарламаны жобалау және әзірлеу. Модуль қажеттіліктерді талдау нәтижелеріне, теориялық модельдерге және конструктивті үйлестіру қағидаттарына сүйене отырып, авторлық білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын жобалау бойынша практикалық біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Модуль аясында тыңдаушылар:

- бағдарламаның мақсатын, міндеттерін және күтілетін оқу нәтижелерін тұжырымдайды;
- авторлық бағдарламаның құрылымын және модульдердің логикалық сызбасын әзірлейді;
- сағаттарды бөле отырып, оқу-тақырыптық жоспар құрастырады;
- оқытуды ұйымдастырудың әдістерін, стратегиялары мен формаларын айқындайды;
- бағалау жүйесін және нәтижелерге қол жеткізу критерийлерін әзірлейді;
- авторлық бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін қалыптастырады.

Модульді меңгерудің нәтижесі — авторлық бағдарламаның негізгі құрылымдық және әдістемелік компоненттерін қамтитын жобасын әзірлеу.

3-модуль. Қорытынды тапсырма. Модуль оқыту барысында әзірленген барлық материалдарды біріктіруге және қалыптасқан құзыреттерді қорытынды бағалауға бағытталған. Модуль аясында тыңдаушылар:

- бағдарламаның жекелеген компоненттерін біртұтас құжатқа біріктіреді;
- өзара сараптамалық бағалау жүргізеді (peer-review);
- берілген ескертулерге сәйкес түзетулер енгізеді;
- курс материалдары бойынша қорытынды тестілеуден өтеді.

Модульдің нәтижесі — белгіленген талаптарға сәйкес келетін авторлық бағдарламаның дайын жоспары.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР				
Күні	Күн тақырыбы	Сабак тақырыптары	Сағат саны	Тапсырмалар
1-МОДУЛЬ. ӘЛЕМДІК ҮРДІСТЕР, ҚР КОНТЕКСТІ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР				
1-күн	Әлемдік үрдістер және қазақстандық контекст	1. Әлемдік үрдістер 2. Қазақстандық контекст (НҚА) 3. Қорытынды тапсырмаға шолу	8	Кіріс тестілеу; Қорытынды тапсырманың 1-кезеңі: сұрақтарға жауап беру
2-күн	Теориялық модельдер: ADDIE, UbD	1. ADDIE моделі 2. «Кері жобалау» моделі 3. Оқу міндеттерін модельдер арқылы талдау	8	Мини-тест

3-күн	Білім алушылардың қажеттіліктерін талдау (Needs Analysis), әдебиеттерді талдау	1. Білім алушылардың қажеттіліктерін талдау (needs analysis) 2. Проблема мен контексті талдау 3. Әдебиеттерді талдау (literature review)	8	2-кезең: қажеттіліктерді талдау үшін сұрақтары бар Google Forms дайындау және Literature Scan кестесін жасау
2-МОДУЛЬ. АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ЖОБАЛАУ				
4-күн	Мақсат пен міндеттер	1. Мақсатты тұжырымдау 2. Міндеттерді айқындау 3. Міндеттерді талдау нәтижелерімен сәйкестендіру	8	1. Авторлық бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері
5-күн	Күтілетін оқу нәтижелері	1. UbD 1-кезеңі: оқу нәтижелері 2. «Міндеттер → Нәтижелер» матрицасы	8	Қорытынды тапсырманың 3-кезеңі: Мақсат – міндеттер – нәтижелер
6-күн	Бағдарламаның құрылымы	1. Құрылымға қойылатын талаптар 2. Жоспарды әзірлеу 3. Логикалық карта	8	Мини-тест
7-күн	Оқу жоспары	1. Тақырыптар мен олардың бірізділігі 2. Сағаттар 3. Жұмыс әдістері	8	4-кезең: тақырыптарды бөлімдер / модульдер бойынша жоспарлау
8-күн	Бағалау және ОӘҚ	1. Қалыптастырушы / жиынтық бағалау 2. Бағалау рубрикалары 3. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі (ОӘҚ)	8	Қорытынды тапсырманың 5-кезеңі: ОӘҚ бөлімі + әдебиеттер
3-МОДУЛЬ. ҚОРЫТЫНДЫ ТАПСЫРМА				
9-күн	Қорытынды тапсырманы жинақтау	1. Бөлімдерді біріктіру 2. Өзара сараптамалық бағалау (peer-review) 3. Пысықтау	8	Қорытынды тапсырманың 6-кезеңі: Авторлық бағдарламаның жоспарын тапсыру
10-күн	Қорытынды тест	Курс мазмұны бойынша қорытынды онлайн-тест	8	Қорытынды тест

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бағдарламаның оқу процесін ұйымдастыру ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, қашықтан оқыту форматында жүзеге асырылады. Бағдарламаны іске асыру негізінен асинхронды оқыту формаларын көздейді, бұл мазмұнды меңгеруде икемділікті, жеке оқу қарқынын таңдауды және тыңдаушылардың оқу жүктемесін өз бетінше жоспарлауын қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі білім беру платформасы — Moodle қашықтан оқыту платформасы (<https://course.astanabilim.kz/login/>), ол оқу материалдарына, бейнедәрістерге, практикалық тапсырмаларға, авторлық бағдарламаны жобалауға арналған үлгілерге, сондай-ақ өзіндік жұмыс пен қалыптастырушы кері байланыс алуға арналған құралдарға орталықтандырылған қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның жалпы көлемі 80 академиялық сағатты құрайды және 2 апта (10 оқу күні) ішінде жүзеге асырылады. Бір академиялық сағат 45 минутқа тең. Бір оқу күнінің ұзақтығы 8 академиялық сағатты қамтиды және теориялық материалды меңгеруді, практикалық және өзіндік тапсырмаларды орындауды, сондай-ақ авторлық білім беру бағдарламасын кезең-кезеңімен әзірлеу жұмыстарын қамтиды.

Теориялық материалды меңгеру негізінен Moodle платформасында орналастырылған бейнедәрістер форматында жүзеге асырылады. Бейнедәрістер педагогикалық дизайнның негізгі ұғымдарын, білім беру бағдарламаларын әзірлеудегі әдіснамалық және дидактикалық тәсілдерді, оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелерді жобалау логикасын, бағдарламаның құрылымы мен мазмұнын, бағалау формаларын және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді ашуға бағытталған.

Теориялық материалды меңгеру Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарында көзделген міндетті оқу әрекеттерін орындаумен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Практикалық бөлім аналитикалық, жобалық және рефлексивтік тапсырмаларды, нормативтік-құқықтық және әдістемелік құжаттармен жұмысты, сондай-ақ авторлық бағдарламаның жекелеген элементтерін әзірлеуді және оларды біртұтас білім беру өніміне интеграциялауды қамтиды.

Оқу процесі ересектерді оқытудың практикаға бағдарланған және жобалық тәсілдері негізінде құрылады. Бұл тыңдаушыларды өз педагогикалық тәжірибесін талдауға, кәсіби міндеттерді ұғынуға және пәндік саланың ерекшелігін, білім алушылар санатын және нақты білім беру ұйымының жағдайларын ескере отырып, авторлық білім беру бағдарламасын жүйелі түрде жобалауға белсенді тартуды көздейді.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы Moodle платформасы арқылы ұйымдастырылады және бейнедәрістерді қарауды, оқу және әдістемелік материалдарды зерделеуді, практикалық және рефлексивтік тапсырмаларды орындауды, сондай-ақ ұсынылған әдебиеттермен жұмысты қамтиды. Бағдарламаның оқу материалдарына қолжетімділік кезең-кезеңімен меңгеру

қағидаты бойынша ұйымдастырылады: келесі оқу күніне қолжетімділік алдыңғы оқу күнінің барлық міндетті оқу әрекеттері орындалғаннан кейін беріледі. Бұл тетік Бағдарлама мазмұнын меңгерудің логикалылығын, бірізділігін және саналы түрде жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Оқыту Бағдарламаның тренері (сарапшысы) тарапынан жүзеге асырылады. Тренер оқу процесін жоспарлайды және сүйемелдейді, тыңдаушыларға әдістемелік қолдау көрсетеді, тапсырмаларды орындау бойынша қалыптастырушы кері байланыс береді және авторлық білім беру бағдарламасын әзірлеу мәселелері бойынша кеңес береді. Тренер Бағдарламаның логикасын, тұтастығын және әдістемелік негізділігін сақтай отырып, мазмұнын өзекті отандық және халықаралық материалдармен толықтыруға құқылы.

Білім беру бағдарламасы қорытынды жобалық тапсырманы орындаумен аяқталады. Бұл тапсырма авторлық білім беру бағдарламасын немесе оның құрылымдалған элементтерін әзірлеуді және тыңдаушылардың педагогикалық дизайнның негізгі тәсілдерін, қағидаттарын және құралдарын меңгергенін растауға бағытталған қорытынды бағалау іс-шарасынан өтуді көздейді.

7. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі (ОӘҚ) педагогтерде педагогикалық дизайн, авторлық білім беру бағдарламаларын жобалау, оқы-тақырыптық жоспарды әзірлеу және оқу-әдістемелік материалдарды жасау саласындағы құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған, мамандандырылған әрі практикаға бағдарланған материалдар кешені ретінде әзірленген.

ОӘҚ авторлық бағдарламаны әзірлеудің барлық кезеңдерінде — қажеттіліктерді талдаудан және өзектілікті негіздеуден бастап, қорытынды құжатты жинақтауға және сарапшылар қауымдастығы алдында қорғауға даярлауға дейін — тыңдаушыларға әдістемелік сүйемелдеу көрсетуді қамтамасыз етеді. Кешен тыңдаушылардың өзіндік және практикалық жұмысына қажетті материалдардың толық жиынтығын қамтиды:

1. Курс бағдарламасы. Оқу мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын, тақырыптық мазмұнын және күтілетін оқу нәтижелерін қамтиды.
2. Тренерге арналған әдістемелік ұсынымдар. Қашықтан сабақтарды өткізуге арналған егжей-тегжейлі сценарийлерді, тапсырмаларды, нұсқаулықтарды және авторлық бағдарламаны әзірлеу процесін сүйемелдеуге арналған материалдарды қамтиды.
3. Тыңдаушыға арналған нұсқаулық. Курсты өту тәртібін, практикалық тапсырмаларды орындау форматын, бағалау критерийлерін және қорытынды жұмысқа қойылатын талаптарды сипаттайды.
4. Презентациялық материалдар. Педагогикалық дизайнның теориялық негіздерін, ADDIE және UbD модельдерін ашатын бейнедәрістер, слайдтар және иллюстрациялық материалдар.

5. Таратпа материалдар мен үлгілер. Needs Analysis жүргізуге арналған формалар, *Literature Scan* кестелері, бағдарламаның құрылымы, оқу-тақырыптық жоспар және ОӘҚ үлгілері.
6. Практикалық тапсырмалар. Авторлық бағдарламаның жекелеген элементтерін әзірлеуге бағытталған:
 - білім алушылардың қажеттіліктерін талдау;
 - мақсаттар мен күтілетін нәтижелерді тұжырымдау;
 - бағдарламаның құрылымын жасау;
 - оқу жоспарын құрастыру;
 - бағалау құралдарын әзірлеу.
7. Қорытынды құжатқа қойылатын талаптар. Құрылымы, рәсімдеу критерийлері, міндетті бөлімдердің тізбесі және авторлық бағдарламаны қорғауға қойылатын талаптарды қамтиды.
8. Бағалау критерийлері мен рубрикалары. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау үшін, соның ішінде бағдарламаның жекелеген компоненттері мен қорытынды жұмысты бағалауда қолданылады.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету белсенділік, практикалық бағыттылық және мазмұнды кезең-кезеңімен тереңдету қағидаттарына негізделген. Теориялық материал жобалау дағдыларын бекітуге және авторлық бағдарламаның элементтерін жасауға бағытталған практикалық тапсырмалармен қатар жүреді. Әрбір теориялық тақырып шағын практикумда зерделенген тәсілдерді қолданумен аяқталады.

Теория мен практиканың байланысы ADDIE моделіне және кері жобалау (UbD) қағидаттарына негізделген тапсырмалар жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Оқу мақсаттары, оқыту әдістері мен бағалау арасындағы конструктивті үйлесімділікті қалыптастыру дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады.

Рефлексия әрбір модульдің міндетті элементі болып табылады және өзін-өзі бағалау, өзара бағалау (peer-review) құралдары, сондай-ақ тренер тарапынан берілетін қалыптастырушы кері байланыс арқылы жүзеге асырылады. Бұл тыңдаушыларға өз ілгерілеуін қадағалауға, авторлық бағдарламаның құрылымын түзетуге және қорытынды құжаттың сапасын кезең-кезеңімен арттыруға мүмкіндік береді.

8. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Бағдарлама шеңберіндегі бағалау тыңдаушылардың авторлық білім беру бағдарламасын әзірлеу үшін қажетті білімдерді, дағдыларды және әдістемелік құралдарды меңгеру деңгейін айқындауға бағытталған. Бағалау жүйесі бірін-бірі толықтыратын үш компоненттен тұрады: кіріс тестілеу, қалыптастырушы тапсырмалар және қорытынды бағалау.

1. Кіріс тестілеу. Кіріс тестілеу оқытудың бірінші күні өткізіледі және тыңдаушылардың төмендегі аспектілер бойынша бастапқы білім деңгейін анықтауға бағытталған:

- авторлық бағдарламаның мақсаты мен құрылымы;
- Республикалық сараптама кеңесінің талаптары;
- педагогикалық дизайнның базалық ұғымдары;
- білім беру бағдарламаларын жобалау қағидағтарын түсіну.

Кіріс тестілеу нәтижелері қорытынды бағаға әсер етпейді, алайда тренер тарапынан оқытуды дараландыру және курс мазмұнындағы басымдықтарды айқындау үшін пайдаланылады.

2. Қалыптастырушы бағалау. Қалыптастырушы бағалау курс бойы жүргізіледі және оқу-тақырыптық жоспардың күндеріне сәйкес келетін кезеңдік (аралық) тапсырмалар сериясын қамтиды. Қалыптастырушы тапсырмалар болашақ авторлық бағдарламаның элементтерін кезең-кезеңімен қалыптастыруға және тренерден уақтылы кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Қалыптастырушы кезеңдер мыналарды қамтиды:

- 1-кезең: кіріс мини-тест сұрақтарына жауап беру (1-күн);
- 2-кезең: қажеттіліктерді талдау үшін Google Forms әзірлеу және Literature Scan кестесін жасау (3-күн);
- 3-кезең: мақсатты, міндеттерді және күтілетін оқу нәтижелерін тұжырымдау (5-күн);
- 4-кезең: бағдарламаның құрылымын және оқу-тақырыптық жоспарды әзірлеу (7-күн);
- 5-кезең: «Оқыту әдістері», «Бағалау» және ОӘҚ бөлімдерін әзірлеу (8-күн);
- 6-кезең: авторлық бағдарламаның толық жоспарын жинақтау және редакциялау (9-күн).
- Қалыптастырушы бағалау төмендегілерді қамтамасыз етеді:
- қажетті құзыреттерді кезең-кезеңімен қалыптастыруды;
- уақтылы түзету енгізу мүмкіндігін;
- қорытынды тапсырманы орындауға дайындықты.

3. Қорытынды бағалау. Қорытынды бағалау курс соңында өткізіледі және екі компоненттен тұрады:

3.1. Қорытынды тест (10-күн). Төмендегілерді тексеруге бағытталған:

- теориялық негіздерді білу (ADDIE, Backward Design және т.б.);
- авторлық бағдарламаларға қойылатын талаптарды түсіну;
- бағдарламаларды жобалаудың құрылымы мен әдістерін білу.

3.2. Қорытынды тапсырма: «Авторлық бағдарламаның жоспары»

Тыңдаушы төмендегі компоненттерді қамтитын авторлық білім беру бағдарламасының толық жоспарын ұсынады:

- түсіндірме жазба (өзектілік, қажеттіліктерді талдау, әдебиеттерге шолу);
- мақсат, міндеттер, күтілетін оқу нәтижелері;
- бағдарламаның құрылымы және оқу-тақырыптық жоспар;
- оқыту әдістері мен оқу процесін ұйымдастыру формаларының сипаттамасы;
- бағалау құралдары мен критерийлері;
- оқу-әдістемелік қамтамасыз ету тізбесі;

- қалыптастырушы кезеңдерде әзірленген қосымша материалдар.

Қорытынды тапсырма Республикалық сараптама кеңесінің талаптарына сәйкес әзірленген бағалау рубрикасы бойынша бағаланады.

Бағалау рубрикасы

(қорытынды тапсырмаға арналған — Авторлық бағдарламаның жоспары)

№	Бағалау критерийі	0 балл — сәйкес келмейді	1 балл — ішінара сәйкес келеді	2 балл — толық сәйкес келеді
1	Өзектілік, проблема және аналитикалық негіздеме (Needs Analysis, Literature Scan)	Проблема анықталмаған немесе түсіндірілмеген; қажеттіліктерді талдау жүргізілмеген немесе формалды түрде орындалған; әдебиеттерге шолу жоқ; проблема контекстпен байланыспаған.	Проблема көрсетілген, бірақ жеткілікті негізделмеген; қажеттіліктерді талдау үстірт жүргізілген; әдебиеттерге шолу бар, бірақ талдаусыз немесе әлсіз құрылымдалған.	Проблема нақты анықталған және негізделген; Needs Analysis деректерге сүйене отырып сапалы орындалған; Literature Scan құрылымдалған және аналитикалық қорытындыларды қамтиды.
2	Мақсатты, міндеттерді және күтілетін оқу нәтижелерін айқындау	Мақсат анық емес немесе анықталған проблемамен сәйкес келмейді; міндеттер жоқ; күтілетін нәтижелер ұсынылмаған немесе мақсатқа сәйкес емес.	Мақсат белгіленген, бірақ проблемамен ішінара байланысты; міндеттер тұжырымдалған, алайда логикалық байланысы толық емес; күтілетін нәтижелер жалпылама сипатталған.	Мақсат нақты тұжырымдалған және проблемамен толық сәйкес келеді; міндеттер логикалық әрі жүйелі; күтілетін нәтижелер нақты, өлшенетін және мақсат пен міндеттермен өзара байланысты.
3	Бағдарламаның құрылымы және оқу-тақырыптық жоспар	Бағдарламаның құрылымы жоқ немесе ретсіз; модульдер өзара байланыспаған; оқу-тақырыптық жоспар жоқ немесе фрагментарлы түрде берілген.	Бағдарламаның құрылымы бар, бірақ логикалық байланыстар ішінара бұзылған; оқу-тақырыптық жоспар жасалған, алайда жеткілікті дәрежеде нақтыланбаған немесе олқылықтар бар.	Бағдарламаның құрылымы логикалық, бірізді және толық; модульдер өзара байланысты; оқу-тақырыптық жоспар толық әзірленген (тақырыптар, сағаттар, әдістер).

№	Бағалау критерийі	0 балл — сәйкес келмейді	1 балл — ішінара сәйкес келеді	2 балл — толық сәйкес келеді
4	Оқыту әдістері, бағалау және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету (ОӘҚ)	Оқыту әдістері жоқ немесе мақсаттарға сәйкес келмейді; бағалау құралдары ұсынылмаған; ОӘҚ жоқ немесе формалды түрде берілген	Оқыту әдістері көрсетілген, бірақ әрдайым негізделмеген; бағалау құралдары ішінара ұсынылған; ОӘҚ шектеулі.	Оқыту әдістері мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді; бағалау критерийлері мен құралдары (соның ішінде рубрика) ұсынылған; ОӘҚ толық әрі практикаға бағдарланған.
5	Қорытынды құжаттың тұтастығы, логикасы және рәсімделуі	Құжат толық емес; негізгі бөлімдер жоқ; рәсімдеу талаптарға сәйкес келмейді; логикалық құрылым бұзылған.	Құжат жалпы алғанда рәсімделген, бірақ құрылымдық, логикалық немесе тілдік кемшіліктер бар; тұтастық ішінара бұзылған.	Құжат толық, логикалық және құрылымдалған; рәсімдеу талаптарға сәйкес; тілі нақты, кәсіби; құрылымы бірізді құрылған.

Қорытынды баға:

- 10–8 балл — жоғары деңгей (қорғауға жіберіледі)
- 7–5 балл — орта деңгей (толықтыруды талап етеді)
- 4 балл және төмен — төмен деңгей (талаптарға сәйкес келмейді)

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Курстан кейінгі қолдау Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес ұйымдастырылады және тыңдаушылар әзірлеген авторлық бағдарламаны кәсіби практикаға сапалы енгізуге бағытталған. Негізгі назар педагогикалық дизайн құзыреттерін дамытуға, бағдарламаның құрылымын жетілдіруге, оқыту және бағалау әдістерін жетілдіруге, сондай-ақ педагогтерді бағдарламаны апробациялауға және оны кейіннен қорғауға дайындауға аударылады.

Курстан кейінгі қолдау аясында тыңдаушыларға жеке кәсіби қажеттіліктеріне негізделген әдістемелік және консультациялық қолдау көрсетіледі. Қолдау түсіндірме жазбаны нақтылау, қажеттіліктерді талдау, әдебиеттерге шолу, оқу-тақырыптық жоспардың құрылымы мен логикасын жетілдіру, сондай-ақ оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мен бағалау құралдарын толықтыру бойынша ұсынымдарды қамтиды. Консультациялар цифрлық

платформаларды пайдалана отырып, қашықтан форматта жүзеге асырылады. LMS платформасында авторлық бағдарламаны енгізудің жеке жоспары, апробация нәтижелері, аналитикалық және рефлексивтік материалдар орналастырылады.

Құрстан кейінгі қолдаудың тақырыптары игерілген модульдерге және педагогтердің кәсіби сұраныстарына сәйкес айқындалады. Қолдау кезеңі аяқталғаннан кейін табысты тәжірибелерді жинақтау және таратуға бағытталған қорытынды іс-шара (дөңгелек үстел, әдістемелік сессия, семинар немесе онлайн-конференция) өткізіледі. Бұл педагогтердің кәсіби қауымдастығын дамытуға және авторлық бағдарламаларды енгізу сапасын арттыруға ықпал етеді.

10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы (1-бап, 9-2-тармақ);
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы»;
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 бұйрығы «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, апробациялау және енгізу қағидаларын бекіту туралы»;
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы «Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы»;
5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығы «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарына жатпайтын білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»;
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 125 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, мамандандырылған және инклюзивті білім беру ұйымдарының, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»;
7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»;
8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы «Орта білім беру жөніндегі республикалық оқу-әдістемелік кеңес туралы» ережесі.

Негізгі және қосымша әдебиеттер

9. Бранч, Р. М., және Варанк, И. (2009). *Педагогикалық дизайн: ADDIE тәсілі* (722-том, 84-б.). Нью-Йорк: Springer.
10. Дэвис, А. Л. (2013). *Ақпараттық сауаттылықты оқытудың тиімді бағдарламаларын әзірлеуде педагогикалық дизайн қағидаттарын қолдану: ADDIE моделі*. College & Research Libraries News, 74(4), 205–207.
11. Дик, У., Кэри, Л., және Кэри, Дж. О. (2014). *Оқытуды жүйелі жобалау*.
12. Коренкова, С. И., Игнатова, И. В., және Седельникова, Е. Б. (2024). *Білім беру курстарын және білім беру өнімін жобалауға арналған білім беру технологияларын жобалау модельдері. Елдің, өңірдің және әртүрлі қызмет түріндегі ұйымдардың экономикалық қауіпсіздігі: Экономикалық қауіпсіздік жөніндегі Төртінші Бүкілресейлік форум материалдары*. Тюмень, 2023.
13. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы (ҰБА). (2025). *Педагогтердің авторлық оқу бағдарламасын әзірлеу, апробациялау және іске асырылуын мониторингтеу бойынша әдістемелік ұсынымдар*. Астана.
14. Сагинтаева, А., Камбатырова, А., Карабасова, Л., Қанай, Г., және Альмухамбетова, А. (2022). *Білім беру зерттеулеріне кіріспе: теория, әдістер және практикалар*. Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебі.
15. Спатиоти, А. Г., Казанидис, И., және Панги, Дж. (2022). *Қашықтан оқытуда ADDIE педагогикалық дизайн моделін салыстырмалы зерттеу*. Information, 13(9), 402.
16. Уиггинс, Г. П., және МакТайг, Дж. (2005). *Түсіну арқылы оқытуды жобалау (Understanding by Design)*. ASCD.